

Әзілхан Нұршайықовтың
«Ақиқат пен аңыз» роман-диалогіндегі
батыр тұлғасы

Қосымша материалдар





Жүгіртпе жол

«Деректер, дәйектер, фактілер...»

* Бауыржан Момышұлының ерлігі жайлы алғаш Александр Бек жазған. Оның «Волоколамск тас жолы», «Арпалыс» романдары қан майдандағы жауынгердің рухын асқақтатты, батырдың есімін аңызға айналдырды.

* «Ақиқат пен аңыз» романы 1976 жылы 41 мың дана болып басылды.

* 1978 жылы 60 мың дана болып басылып, оқырмандарын қайта қуантты.

* «Ақиқат пен аңыз» кітабының негізінде «Аңыз адам» деген радиопьесаны Әзілхан Нұршайықов жазып, Қазақ радиосынан спектакль етіп берді. Ол радионың Алтын қорына қабылданды.

* «Ақиқат пен аңыз» романы үшін 1978 жылы Әзілхан Нұршайықов Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алды.

деп ойламаған.

* 1961 жылы жазда Қазақстанның 40 жылдығын тойлау қарсаңында «Социалистік Қазақстанның тілшісі Әзілхан Нұршайықовқа Бауыржан Момышұлымен әңгімелесіп, мақала дайындау жүктелген

Майдангер, журналист, жазушы Әзілхан Нұршайықов пен аты аңызға айналған батыр арасындағы түсіністіктің, ақ жарылған әңгіменің арқасында ғажайып туынды дүниеге келді.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда қазіргі Жамбыл облысы Жуалы ауданы «Көлбастау» деген мекенде туған.

1933 жылы қайтыс болды. 1986 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1932 жылы әскер қатарына шақырылды. Міндетін өтеп, запастағы командир атағын алған. Ауылға оралған соң қаржы мекемелерінде жұмыс істеді.

1936 жылы Қызыл Армия қатарына қайта алынып, Қиыр Шығыстың қыстағы алпыс градус аязы мен жетпіс градус ыстығында шыңдалып, взвод, рота командирі болды.

Бауыржан Момышұлы 25 жыл әскерде болды. 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлім күрсауында қалған, 2 рет ауыр жараланған.

- ▶ * Әбділдә Тәжібаев «Момышұлына» деген өлеңін 1942 жылы жазды, ал отыз жылдан кейін екінші өлеңін шығарды.
- ▶ * Қалижан Бекхожин 1944 жылы «Қол бастаған батырға» деген алғашқы өлеңін, 1960 жылы «Томаға киген тау бүркіт» өлеңін, 1971 жылы «Атыңды мен естідім» өлеңін жариялады.
- ▶ * Кәкімбек Салықов, Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев , қырғыз ақыны Сүйінбай Эралиев «Ақбозат мінген қолбасы» өлеңін (аударған Мұзафар Әлімбаев) жазды.
- ▶ * Сырбай Мәуленов «Батыр ағам Бауыржанға» өлеңін, Ғали Орманов «Полковник» өлеңін арнады.
- ▶ * Мұқағали Мақатаев «Бауыржан ағаға» өлеңін арнады.
- ▶ * Бауыржан Момышұлы- қазақ әдебиетіндегі ең алғаш әскери тақырыпты бастаған әскери жазушы.
- ▶ * Бауыржан Момышұлының шығармалары- мемуарлық туындылар. «Ұшқан ұя», «Жауынгердің тұлғасы», «Генерал Панфилов», «Олар менің есімде», «Москва үшін шайқас», «Ел басына күн туса», «Куба әскерлері», т.б. шығармалары асыл қазынамыз.
- ▶ * «Ақиқат пен аңыз» романы он бір диалогтан тұрады.
- ▶ * Бауыржан Момышұлының себелеген оқ пен жалындаған оттың арасында жүріп, 37 дәптер қолжазбасы болған.
- ▶ * Батырдың келіні Зейнеп Ахметова бірнеше жыл жазған күнделіктерінің негізінде «Шуақты күндер» атты естелік кітабын жазған. Оның айтуынша, бұл шығарманың жалғасы болашақта жарық көрмек.

*- Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс арғы ұрпақ!
... Жастарымыз Отаншыл болсын. Отаншылдық- әр адамға керекті ұлы қасиет. Ал Отаншылдық өз үйіңнен басталады.. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе, сол адам Отаншыл болады. Патриотизм- «Отаным, сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуға әзірмін» деп құрғақ сөзді гүмнілдете беру емес. Ол-формализм. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігіңді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі. Іс деген осы, патриотизм осыдан басталады».*

... Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы- адамгершіліктің асыл парызы. Ал еңбекшілдік, білімділік, тәртіптілік, тәлімділік, шыдымдылық - армия үшін ең қажетті қасиет.






**“ЖҰРТЫМ” ДЕП - ЖҰМЫЛЫП,
“ЕЛІМ” ДЕП - ЕЗІЛІП ҚЫЗМЕТ ЕТ.**

Б.МОМЫШҰЛЫ









Құрметті шәкірттер, болашақ Отан қорғаушылар, сіздерге деген тілекті осыдан артық жеткізе алмаспыз. Бауыржан аталарыңның бар асыл қасиеттері сендердің де бойларыңнан әрдайым табылсын!